## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) Нұра ЖББ мектебінің «Айгөлек» шағын орталығы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **13.04 - 17.04.2026 ж.**

Тексерілді:

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы<br>«Еңбек бізді үш үлкен зұлымдықтан құтқарады: зеригу, азғындық, мұқтаждық». Вольтер** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Сәлемдесу<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br><br>Сәлемдесу | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Ақ тілек» шаттық шеңбері.<br>Адал жақсы ниетпен, | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды қарсы алу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4 (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам! (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Сөздің бәрі - Ақ тілек. Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады. Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Сүйікті кітаптар көрмесін ұйымдастыру. | «Бір мультфильмның орнына бір кітап оқу» челленджі. | «Кітап калейдоскопы» танымдық-зерттеу жобасы аясында жазушылармен (білікті мамандармен) кездесулер: үйде балалар кітапханасын ұйымдастыру туралы әңгімелесу. | «Кітап калейдоскопы» танымдық-зерттеу жобасы аясында жазушылармен (білікті мамандармен) кездесулер: баламен бірге әңгімені және ертегіні шығарып, кітапқа басудың маңыздылығы. | Кеңес: «Саусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек,** | «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды | «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Асхана бойынша кезекшілік". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері: топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан | «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға үйрету: жерді қопсыту, суару, | «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген | «Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: "Табиғат бұрышы". Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу.<br><br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. | салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.<br><br>Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту.<br><br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Сиқырлы таяқ». (дене тәрбиесі) | жапырақтардың шаңын сүрту. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.<br><br>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру. Баланың сөздік қорын | тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сүрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>«Бағбандар мен гүлдер» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Топ екі шағын топқа бөлінеді және тәрбиеші ойын ережелерін түсіндіреді: «Егер топта тұрған гүлдер ұзақ уақыт бойы суарылмаса- | (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады. (еңбек дағдылары)<br><br>"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Кеңістік, жазықтың бағыттарын өзіне қатысты анықтау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылауыш сөздермен байыту. Қоршаған орта заттары және табиғат құбылыстары жайында ұғымдарды тиянақтау. | яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек. | Қазақ халқының тұрмыстық заттарды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Айналасындағы заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды талқылауға мүмкіндік беру | ырғақты түрде бояуды, сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, қауіпсіздікті сақтауға баулу; қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. | Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; | Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; | Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; | Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; | Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен) (дене тәрбиесі, музыка) Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1-таяқшаны алға созу; |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | 2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | 2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | 2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | 2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. |
| **Таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю.<br>Көркем сөз<br>Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны, | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Көктемгі ағаштар" тақырыбына әшекейлеу.<br>Балалар кітапханасы: көктем мезгілінде өсімдіктер жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: Д. Әбілев «Орман», , Қ. Елемес "Бір тал шөп", Ы. Алтынсарин "Бақша ағаштары".<br>"Күй күмбірі": "Жастық дәурен" - Өскінбай Қалмамбетұлы (орындаған Мұрат Өскенбаев) https://kitap.kz/music/2/murat-oskinbayulynyng-oryndauyndagy-kuyler-i<br>«Өнегелі»: Әдебиет және оқу. Тақырыбы: «Кітап оқу не үшін маңызды?» Мақсаты: кітап оқуға деген сүйіспеншілікті ояту. | | | | |
| | "Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.<br>Бұталар мен ағаштарды | «Мейірімділік ағашы» (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, әділ әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу; «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін | Ағаш, бұталар туралы әңгіме құру (суреттерге қарап).<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыру.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша құбылыстар | Ағашқа байланысты мақалдар жаттау.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, есте сақтауға үйрету.<br>Мағынасын түсінуге ынталандыру.<br><br>Ағаш — жапырағымен,<br>Жер — топырағымен.<br><br>Аялы ағаш —<br>Саялы. | «Ортақ атауына қарай топтастыр» дидактикалық ойыны.<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылауыш сөздермен бауыту. Заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Есім сөздермен қолданылатын "емес" шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратуға үйрету. Табиғатта қауіпсіздік ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. | туралы ақпаратты талқылауға баулу. | Ағаш қаншалықты биік болса да, жапырақтары жерге түседі. | үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Дене тәрбиесі "Құрсаумен жарыстар". Мақсат-міндеттер: балаларды бағытты өзгертіп жүруге; жай қарқында үздіксіз жүгіру; затты тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) 1,5-2 м арақашықтықтан оң қолмен лақтыруға | Қазақ тілі "Ағаш түрлері. Тақпақты мәнерлеп оқу "Аққайын"". Мақсат-міндеттер. Ағаштың құрылымы туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру; емен, қарағай, терек ағаштары жайлы | Дене тәрбиесі "Жермен еңбектеу". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарда бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, жүру және сапқа тұруға дағдыландыру; саптан қатарға ауысып, бір-бірден жүре отырып, | Музыка "Дос болайық бәріміз". Мақсат-міндеттер. Балаларға музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажыратуға үйрету. Әуенді таза және | Дене тәрбиесі "Жүру, еңбектеу және секіру жаттығулары". Мақсат-міндеттер: балаларды 50-60 метрге жүгіруге үйрету. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. | | жапырақтарды, содан соң бояуға малынған саусақты басып, гүлдерді салу техникасын жетілдіру.<br><br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Тиіннің арманы әңгімесін мәнерлеп оқу".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың "Тиіннің арманы" әңгімесімен таныстыру; әңгімеде сипатталған жабайы аңдар кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттерінің ерекшеліктерін көрсету; жануарлар туралы әңгіме туралы ұғымдарды қалыптастыру; "арман" сөзінің мағынасын түсіндіру. | табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру.<br><br>Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығуы (мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бүршіктерге (жапырақтарға, гүлдерге) толған бұтағы тақырыбына бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балаларға таныс мүсіндеу техникаларын жетілдіру. Балалардың көлемді пішіндерді мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Өсімдіктер туралы ұғымдарын тиянақтау. | сабағы мен жапырағын қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, жүйеге салу: өз бетінше киіну мен шешіну, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; барлық түймелерін түймелеу, ілмекті салу, бір-біріне көмектесу; өз киімдерін тану, атау, күту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын бекіту (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | |
| **Серуен** | Күннің көзін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау: күн ашық, себебі аспан бұлттардан таза, түсі көк. Күннің мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Күн көзіне қараумау ережесін бекіту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Сөз | «Экологиялық тәрбие». Теректі (ауладағы басқа ағашты) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін (бүршік ату, жапырақтың өсу себебін) анықтау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа | Көктемде ұзақ, тырна, қараторғайлардың ұшып келуін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде қайтып келген жыл құстардың қоректену, ұя салу қажеттілігін анықтау. Ұзақ, тырна құстарының сыртқы пішіні, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді | «Экологиялық тәрбие». Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде құстардың қоректендірудің, ұя салудың, балабан басудың қажеттілігін анықтау. Торғайдың сыртқы пішіні, қозғалуы (шапшаңдығы), тіршілік ету ортасы, азығы туралы ұғымдарын байыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. | Заттардың көлеңкесін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды заттық әлеммен таныстыруды жалғастыру. Қоршаған орта заттары, тірі өлі табиғат заттары туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, анықтау: күн көзінде орналасқан заттардың көлеңкесі болады. Сөз өнеріне баулу. диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Жұмбақ.<br>Мен жүгірсем, ол да жүгіреді,<br>Мен мүдірсем, ол да |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау. | жағдай жасау. | Сөздің мағынасына қарай ойынды ойнау, мұқият тыңдау.<br><br>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін кеңейту. Бір жағдайға байланысты ойынды жандандырып, ұжыммен жұмыс жасау. | таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер. Әр түрлі көлемді ыдыстарды қолданып ойыншықтар жасау. | өтіп), жүру дағдыларын жетілдіру. Шыдамдылыққа, ептілікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру)<br>Мақсат-міндеттер. Қағаздан қайықтар жасап, жырақтағы шалшық суларға жүзгіземіз. |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)<br>Тамақтану әдебін сақтауды, дағдыларды бекіту. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу.<br>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алға жайып тұз-дәмін,<br>Келтіреді үй сәнін.<br>Ол халқымның ақ жаны,<br>Жақсы дәстүр маржаны,<br>Кеңпейіл де арайлы,<br>Осы жерден тарайды. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Кішкентай тас пен құмырсқа» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . (дене тәрбиесі)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас** | Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),** | «Экологиялық тәрбие». Дамытушы мультфильмдер. Tigtag Junior. "Жануарларды топтастыру" (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) https://bilimkids.kz/kk/media/video/zanuarlardy-toptastyru | «Кішкентай құрылысшылар» көрмесі. (құрастыру) Мақсат-міндеттер. Құрылыс материалдарынан, "лего" конструкторлардан құрастыруды ұйымдастыру. Өз бетінше ойдан | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Ағаштар бүршік жарды". Мақсат-міндеттер: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жанды құбылыстарының | "Бізді қоршаған геометриялық пішіндер" ойын-жаттығуы. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) | Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру. Дене белсендігін арттыру. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді пайдалануға үйрету. Сөздік қорды байыту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Арқан тарту».<br>(дене тәрбие)<br>Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға тәрбиелеу. Физикалық қасиеттеріді жетілдіру, ойын ережесін саналы орындауға баулу.<br>Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.<br>Арқанның екі жағынан | құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізе білуді дамыту. Құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>Сюжетті-рөлді ойын. «Қонжық».<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың жануардың рөлін қабылдау қабілетін дамыту.<br>Ойын материалы: Кәмпиттер, жемістер, | ерекшеліктермен таныстыру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері. Қазақ ұлттық қимылды ойындарына қызығушылықты дамыту.<br>Бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік,ептілік) дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол | және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттей білуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Үш табан» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолдан-қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Шарты.<br>Үш табан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, | Қолды көкке көтереміз, (қолдар жоғары)<br>Түсіріп белге төмен, (қол белде)<br>Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею)<br><br>Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау)<br>Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау)<br>Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау)<br>Би билеген баламыз. (шапалақтау)<br><br>Құрастыру материалдарымен ойындар.<br>(құрастыру, математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыру бөлшектерін (материалдарын) ажырату, атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. | | | сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру.<br>Е.Өтетілеуіов "Санамақ".<br>Жиналған соң достары,<br>Қаздай өзі басқарды,<br>Қызықты ойын басталды:<br>Бір болды бақшашы,<br>Екіншісі - егінші,<br>Үшіншісі - бақташы,<br>Төртіншісі - теңізші.<br>Бесіншісі - балташы,<br>Алтыншысы - аспазшы.<br>Жетіншісі - жылқышы,<br>Сегізінші - сырнайшы,<br>Тоғызыншы - тігінші,<br>Оныншысы - орманшы. | туралы ұғымдарын жетілдіру. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар (объектілер) мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысында доп қолданылады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мүсіндеуден ойын-жаттығулар.<br>"Ұлттық әшекейлер".<br>Мақсат-міндеттер: қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру; тұзды қамырдан мүсіндеуге | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»."Кетті, кетті орамал!" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ұлттық қимылды ойындарға | Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығуы (мүсіндеу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бүршіктерге (жапырақтарға, гүлдерге) толған бұтағы | «Геометриялық пішіндерден мозаика».<br>(математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | құбылыстары жайында ұғымдарды тиянақтау. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: ауа райына сәйкес киіну; өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғатуды жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту.<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). | | | | | |
| **Серуен** | Бұтақтардың бүршіктенуін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау, өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсініктерді тиянақтау. Экологиялық ұғымдарды қалыптастыру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру. | «Қауіпсіздік». Кешкі уақыттағы күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күн батады, айнала жарық пен жылу азаяды, күн суытады). Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жел соқты), | Жер бетіне өсіп шыққан шөпті (немесе көктем гүлдерін) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту. Бақылау барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Көктемде жер бетіне шығатын шөптің түсі | «Өнелегі тәрбие». Аула тазалаушының (бағбанның) еңбегін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушының еңбегі жайында білімді тиянақтау, қызметі маңызын түсінуге көмектесу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым | Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары (жел) туралы ұғымдарын кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау: жел соқса, бұлттар көшеді. Желдің бағытын анықтауға үйрету: бұтақтардың шайқалауы, жалаулардың желпілдегені. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешуге баулу. Зияткерлікке тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | эптілікке баулу.<br><br>Өз бетімен ойындар.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу.<br>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. | |
| **Серуеннен оралу** | Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>«Өнегелі тәрбие». Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру: Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешу, шкаф сөрелеріне киімдерін ілу, жинау, кептіретін жерге аяқ-киімдерін орналастыру; ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату; қолдарын жуу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.<br>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың түрлі әрекеттерінде көркем сөзге қызығушылыққа баулу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға | Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға | Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға | Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға | Кітап бұрышында: суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық (тағы басқа) дәстүрімен таныстыруды жалғастыру. Көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Жатталған әндерді қайталап орындау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | қолдану, командамен бірге нэтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | қолдану, командамен бірге нэтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | қолдану, командамен бірге нэтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. | қолдану, командамен бірге нэтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру ережесі туралы түсіндірудің маңызы». | «Бір мультфильмның орнына бір кітап оқу» челленджі. | Психолог кеңесі: «Бала тілін дамыту». | «Ата-аналарға арналған 10 кеңес». | Кеңес: «Саусақ жаттығулары. Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.» |

Scanned with CamScanner